Келісемін
01098 әскери бөлім командирі
полковник Е.Буриев
«19» 10 2026 г.

НПЦ-40/100УВМ.01 өрт ортадан тепкіш сорғының (жиналмайтын) Техникалық ерекшелігі

Тапсырыс бурушінің атауы: 01098 әскери бөлімі..
Байқау № _____
Байқауатауы : өрт техникасына арналған НЦПН-40УВМ.01өрт сорғысы сөндіруші орталықтан тепкіш сорғы
Лот № _____
Лот атауы: өрт техникасына арналған НЦПН-40УВМ.01өрт сорғысы сөндіруші орталықтан тепкіш сорғы

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Тауар атауы*	ПН40-УВ өрт соғысы
Өлшем бірлігі*	дана
Саны (көлемі)*	1
Бірлік үшін бағасы, ҚҚС есебінсіз*	2 793 672
Сатып алуға бөлінген жалпы сома, ҚҚС есебінсіз*	2 793 672
Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2010 сәйкес)	
Жеткізу мерзімі*	қазан
Тауарды жеткізу орны*	Алматы облысы, Қордай ауданы, Мәтібұлақ ауылы 01098 әскери бөлімі
Аванстық төлем мөлшері*	
Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауралардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары корсетіледі.	МЕМС17398, МЕМС52283-2004, 2803-2015ҚР СТ
Шыққан жылы	2026

Кепілдік мерзімі (айларда)	Өндіруші-өнеркәсіптің кепілдік міндеттемелер пайдалануға берілген күннен бастап 18 айдан кем болмауы қажет.
Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де мінездемелерінің сипаттамасы	НЦПН-40УВМ.01өрт сорғысы қалыпты қысымда су беру және температурасы 303 К (30 C^0) дейін РН сутегі көрсеткішімен 7-ден 10,5 дейін 1100 кг.м-3 дейін және атты бөлшектердің жаппай концентрациясы 0,5 % -ға дейін олардың 3 мм ең үлкен мөлшерінде көбіктендіргіштердің отты сөндіру сұйықтықтары үшін арналған. НЦПН-40УВМ.01 сорғысы келесідей элементтерді қосуы тиіс: ортадан тепкіш сорғы; бекіткіш арматурамен қоса коллектор; электрлі тартпаларымен бірге сумен толтыру вакуумдық жүйесі; көбіктендіргіштің дозалау жүйесі; бақылау-өлшеу құралдарымен қоса құралдық панелі (2 мановакуумметр, цифрлы тахометр, жасалған жұмыс уақытының есептегіштер).
	Құрылысына койылатын талаптар: Құрылысы жағынан сорғы: - ортадан тепкіш сорғыдан, арынды коллектордан, бекіткіш-реттегіш шегеннен, вакуумдық толтыру жүйесінен, көбіктүзгішті беру және мөлшерлеу жүйесінен тұратын агрегат түрінде болуы тиіс. Сорғының құрылысы дайындаушы ұсынатын тәсілдерді құрал-саймандар мен керек-жарақтарды пайдаланып, оны бөлшектеу және жинау мүмкіндігін көздеуі тиіс. Сорғының білігі қолмен немесе арнайы құрал-сайманның көмегімен еркін айналдырылуы тиіс. Сорғының құрылысында оның қуыстарындағы суды төгуді қамтамасыз ететін құрылғы көзделуі тиіс. Сорғының тұрқында біліктің тығыздағышы арқылы кеткен суды ағызуға арналған тесік көзделуі керек. Сорғының сорғыш келте құбырында сүзгі орнатылуы тиіс, оның тесіктерінің (ұяшықтарының) өлшемі сорғының жұмысшы дөңгелегінің енінен кем болуы тиіс. Сорғының құрылысында сұйықтықтың арынды желіден сорғының қуысына қайта ағуын болдырмайтын құрылғы көзделуі тиіс. Жоғары қысымды сорғының құрылысында нөлдік беру кезінде оны салқындатуға арналған сұйықтықтың алмасуын (ағуын) қамтамасыз ететін құрылғы көзделуі тиіс. Сорғының құрылысы ҚР СТ 1711 бойынша сорғыш және арынды келте құбырларды жалғастырғыш бастиектермен жалғастыруды камтамасыз етуі тиіс. Сорғы сумен толтырудың қолмен немесе автоматты түрде басқарылатын вакуумдық немесе басқа типтегі жүйесімен жабдықталуы тиіс. Автоматты түрде басқарылатын вакуумдық жуйе сорғының арынды қуысында артық қысым болмағанда

	(жоғалғанда) автоматты түрде қосылуы және су беру кезінде арын үзілісін болдырмайтын қысым кезінде автоматты түрде ажырауы тиіс. Сорғы қолмен немесе автоматты түрде басқарылатын көбіктүзгіштерді мөлшерлеу жүйесімен жарақтандырылуы тиіс. Көбіктүзгішті мөлшерлеу жүйесі оны беруді су ерітіндісіндеп мөлшері (3 ± 0,6) % және (6 ± 1,2) % қоюлықпен сорғының беруі мен қысымы сәйкес кезінде қамтамасыз етуі тиіс. Сорғының құрылысында ҚР СТ 1609 бойынша сорғының беруі нөл жағдайында көбіктүзгіштің сорғыш желіге түсуін болдырмайтын құрылғы көздеу ұсынылады. Сорғының пайдалану құжаттамасында белгіленген максималды геометриялық сору биіктігімен жұмыс істеуі кезінде автоматты түрде баскарылатын сорғыны толтыру жүйесі сорғыны онқайтара толтыруды сору желісіндегі су бағанын бірінен кейін бірін үзе отырып, соның ішінде көбіктүзгішті автоматты мөлшерлеу жүйсі жұмыс істеп тұрған кезде, қамтамасыз етуі тиіс. Сорғының құрылысы сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысымның әсері кезінде оның саңылаусыздығын және беріктігін қамтамасыз етуді көздеуі тиіс, бұл ретте сорғының роторы айналмауы тиіс. Сорғының құрылысы сорғыдан шығатын жердегі максималды жұмысшы қысымның әсері кезінде оның саңылаусыздығын және беріктігін қамтамасыз етуді көздеуі тиіс, бұл ретте сорғының роторы айналуы тиіс. Сорғы аумағында кемінде минус (0,080 ± 0,005) МПа «құрғақ» вакуум орнаған кезде сорғы саңылаусыздықты және беріктікті қамтамасыз етуі тиіс.
	Сорғыға мынадай бақылау-өлшеу аспаптарын орнату ұсынылады: - сорғының сорғыш келте құбырындағы манометр (мановакуумметр), сорғының арынды келте құбырындағы манометр (мановакуумметр), тахометр. Бақылау-өлшеу аспаптарының дәлдік тобы кемінде 2,5 болуы тиіс.
	Жиынтықтылығы Жеткізілімнің жинағына: сорғы мен керек-жарақтар құжатына сәйкес көзделген қосалқы бөлшектер; ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес рәсімделген пайдалану құжаттары; нақты типтегі сорғыға берілген паспорт, техникалық сипаттама, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық, құрастыру, іске қосу, реттеу және жаттықтыру жөніндегі нұсқаулық. Жекелеген пайдалану құжаттарын бір құжатқа біріктіруге жол беріледі. *Пайдалану құжаттамасында сорғының мынадай параметрлері және олардың мәндері көрсетілуі тиіс:*

	- сорғының номиналды беруі, $Q_{ном}$ л/с; *- сорғының номиналды арыны, $H_{ном}$, М;* *- номиналды геометриялық сору биіктігі $h_у$ном, м;* *- максималды геометриялық сору биіктігі, $h_у$ном, м;* *- максималды геометриялық сору биіктігі кезіндегі арын, Н, м;* *- максималды геометриялық сору биіктіктен сору (толтыру) уақыты, $I_{вс}$,с;* *- максималды геометриялық сору биіктігі кезіндегі беру, $Q_{ном}$, л/с;* *- сорғыға түсепн жерден максималды жумысшы кысым, $P_{1\ мах}$, МПа;* *- сорғыдан шығатын жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{2\ мах}$, МПа;* *- сорғыш және арынды келте құбырлардың саны мен шартты диаметрі, мм;* *- номиналды айналу жиілігі, $n_{ном}$, айн/мин;* *- сорғының номиналды режимде тұтынатын қуаты, $N_{ном}$, кВт.* *- пайдалы әрекет коэффициенті n, %;* *- рұқсат етілетін кавитациялық қор, Δ h, м;* *- вакууммен толтыру жүйесінің типі;* *- көбіктендіргіш беру және мөлшерлеу жүйесінің типі;* *- белгіленген беру және қысым мәндері кезінде сорғыдан шығатын жерден көбіктендіргіштің қоюлығы деңгейін мөлшерлеу диапазоны, %;* *- сорғының габариттік өлшемдері, мм;* *- сорғының салмағы, кг.* *Ескертпе - Қажет болған жағдайда мақсаттылық көрсеткіштерінің номенклатурасына 5.7.2. көрсетілмеген параметрлер мен олардың мәндері енгізілуі мүмкін.*
	Пайдалану құжаттамасында сорғының құрылымдық белгіленуі көрсетілуі тиіс.
	Пайдалану құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы тиіс.
	Шарттық міндеттемелер өрт машинасына сорғыны орнатуды және сынақтарды жүргізуді аяқтаған соң орындалған болып есептелінеді, бұл ретте дұрыс орнатудың кепілдемесі 12 айдан кем болмауы тиіс.
Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, ретке келтіру, оқыту, тексеру және сынау)	Қабылдау ережелері Сорғыларға: -қабылдау; -қабылдау-тапсыру; - кезеңдік; - типтік; - сенімдік; - сертификаттау сынақтары жүргізіледі. Жеткізу мерзімі 3 айдан кем емес.
Жеңімпаз деп анықталған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда орындаушыға қойылатын қосымша талаптар (қажет болған	Орау алдында сорғы мен оның қосалқы бөлшектері тазалануғақажет, қажет болған жағдайда бақылау-өлшеу аспаптары алынуы тиіс. Сорғының ішкі қуыстары кептірілуі тиіс. Сорғы, оныңқосалқы бөлшектері керек-жарақтары және

жағдайда көрсетіледі) (Әлеулетті жеткізушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпеуі және ұсынбауы үшін қабылданбауына жол берілмейді).	арнайы құрал-сайманы ГОСТ 9.014 талаптарына сәйкес консервациялануы тиіс, «ВЗ-1», «ВЗ-2» қорғаныш нұсқасы, бұл ретте консервация мерзімі үш жылдан кем болмауы тиіс. Консервацияланғаннан кейін сорғының барлықтесіктері, сондай-ақ сорғыш және арынды келте құбырлар тығындармен немесе бекіткіштермен жабылуы тиіс. Тасымалдау кезінде ауа-райы факторлардыңәсерінен, механикалық зақымдалудан және ластанудан қорғау үшін сорғы ГОСТ 2991 бойынша орау қағазымен оралуы және ГОСТ 2991 немесе ГОСТ 24634 талаптарына сәйкес тасымалдау және сақтау кезінде бүтіндігін қамтамасыз ететін жәшікке салынуы тиіс. Орау ГОСТ 23170 талаптарына сәйкес болуы және сорғыны тиеу, тасымалдау мен түсіру кезінде оның жәшікте (ыдыста) жылжып кетуін болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс. Ыдысқа немесе орамға ГОСТ 14192 талаптарына сәйкес көлік таңба салынады. Пайдалану құжаттамасы, сондай-ақ қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар ылғал өткізбейтін пакетке салынуы, пакет жәшікке орналастырылуы тиіс. Егер сорғы және оған қоса жеткізілетін жинақтаушы өнімдер бірнеше жәшікке салынатын болса, онда пайдалану құжаттамасы салынған пакет орналастырылған жәшікке «Құжаттама осында» деген жазба жасалуы керек.

Аға маман (пәтер пайдалану және өртке қарсы қорғаныс)
ефрейтор Р.Насыр